# *Тақырыбы: Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде*

**Мақсаты:** оның зерттеудегі жүйелі әдістер туралы түсіндіру. Қоғам мен әлеуметтік жүйені теориялық зерттеудің көпжақтылығымен таныстыру.

Ахметов Бекзат
Агро 103

# ЖОСПАРЫ:

1. Қоғамның анықтамасы, белгілері және құрылымы.
2. Қоғамның даму сатылары.
3. Қоғамның типтері және атқаратын қызметтері
4. Табиғат және қоғам, олардыңөзара қарым-қатынасы.
5. Қоғамдық құбылыстар мен қатынастар, олардың түрлері.
6. Қоғамдық даму ұғымы және оның қозғаушы күштері мен факторлары.
7. Қоғамдық прогресс және регресс.

Қоғам деген не , оның адам өміріндегі рөлі мен орны,қазіргі кезде қандай көзқарастар қалыптасты деген сұрақ социологиялық ғалымдар үшін басты сұрақ болп келген. Қоғам деген ұғым әлеуметану ғылымының басты категориясы болып табылады.Ғылыми әдебиеттерде қоғамның мәнін түсіндіруге бағытталған анықтамалардың саны көп.Әрине, олардың барлығы бірдей қоғам деген ұғымның мәні мен мазмұнын толық аша алмағанымен бұл анықтамаларда ортақ сипаты белгілер бар.

# ҚОҒАМ АДАМДАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІНІҢ ЖЕМІСІ ЕКЕНДІГІН ӨТКЕН ЗАМАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТАНУШЫЛАРЫ ДА, ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ӘЛЕУМЕТТАНУШЫЛАР ДА МОЙЫНДАЙДЫ. ДЕГЕНМЕН, ОЛАРҒА АДАМДАРДЫҢ ҚОҒАМҒА БІРІГУІНІҢ СЕБЕПТЕРІН ТҮРЛІШЕ АНЫҚТАЙДЫ.

Мәселен, **Огюст Конт** қоғамға мынандай анықтама береді:



«Қоғам – бұл өзара келісіммен байланысқан,оның құрылымдық элементтерінің барлығының функциялары келісімділікпен сипатталатын,бүкіл адамзаттың органикалық бірлігі»

# КАРЛ МАРКС



«Қоғам – бұл бірлескен қызмет процесінде қалыптасатын, адамдардың арасындағы тарихи тұрғыдан дамушы қатынастардың жиынтығы», - деп анаықтама береді

# МАКС ВЕБЕР



«Қоғам – бұл әлеуметтік, яғни басқа адамдарға бағытталған әрекеттердің өнімі болып табылатын, адамдардың өзара әрекеті».

# ТОЛКОТТ ПАРСОНС



«Қоғам – бұл әлеуметтік жүйенің типі, ол жүйе ретінде қоршаған ортаға қатысты алғанда өзін-өзі жетілдірудің неғұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізе алады»

# Ғұламалар сөздері

“Қоғам-индивидтердің жай ғана жиынтығы емес, ол адамдардың бірлігінен  тұратын, ерекше қасиетке ие жүйе. Әрине, ұжымдық өмір дараланған сананың

қалыптасуын көрсететді, бірақ бұл қазіргі жағдайда жеткіліксіз. Бұл сана ерекше түрде

дамуға, үйлесімділікке қол жеткізуі тиіс. Осы үйлесімділіктен келіп әлеуметтік өмір

туындайды ”

Э. Дюркгейм Қоғамдық еңбектің бөлінуі. М., 1991.

“Индивидтен ойлаудың қайнар көзін іздейміз. Осыдан келіп қателік туындайды. Біріншіден, адам ойының негізі өмір сүріп отырған әлеуметтік ортадан, әлеуметтік  топтан туындайды. Адам өзін қоршаған әлеуметтік ортаныңәсерімен ойланады”

Л. Гумплович Основания социологий. М., 1991.

«Адамдағы жеке тұлға дегеніміз күрестің нәтижесі... Адамда, күмәнсіз екі «мен» бар, ақиқатты, шындыққа сай қалыптасқан «мен» және төменге тартатын, құмарлықтан

туындайтын «мен»...Адамзат рухы адамнан жоғарыға ұмтылуы тиіс... Сонда ғана адам өзін  жоғалтпайды, өзін -өзі құрметтей алады.

АДАМ ТІРІ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ».

Н. Бердяев Мир философий. М., 1991. 2 б

“Адамдар табиғи ортасын жасанды, табиғи емес–

мәдениет саласымен ауыстырды. Біз  өткенге көз жүгірткен сайын даналықты жиі байқаймыз. ...”

Б.Ф.Поршнев. Социология. Хрестоматия. М.. 1991. 80 б

“Алғашында адам табиғатқа тәуелді болды. Ал, кейін техника-машиналық ортаға деген тәуелділік пайда болды. Осы кезде адамзат үлкен ауып проблемамен кездсті. Себебі, адамның психо-физикалық организмі табиғи ортаға бейімделгендіктен, оған техникак-40машиналық орта үлкен қауіп төндіруде. Машина-техникалық өркенмиет бәрінен бұрын адам жаны үшін өте қауіпті. Техникалық өркениет адамның белсенді болуын талап еткенімен, адамның тұлға болуын қаламайды....”

Н. Бердяев. Человек и мшина. М., 1991. 27 б

# ҚОҒАМНЫҢ ДАМУ САТЫЛАРЫ.

Бірінші саты. Аңшылықпен және терімшілікпен айналысқан аңшылармен терімшілер қоғамы.

Екінші саты. Бау-бақшамен айналысушы кәсемшілік қоғам.

Үшінші саты. Мал шаруашылығымен және жер шаруашылығымен айналысушы қоғам.

Төртінші саты - неолиттік революция.

Бесінші саты - ерте мемлекеттердің пайда болуы. Алтыншы саты - аграрлық қоғам.

# ҚОҒАМНЫҢ ТИПТЕРІ ЖӘНЕ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІ.

Қоғамның көптеген түрлері болады және болған. Қоғамды жіктеу сол елдегі өндірістік қатынастардың сипатына, үстемдік етіп тұрған дінге, тілге, саяси жүйенің сипатына, техникалы даму деңгейіне байланысты алуан түрлі болып келеді. Қоғамды типтерге бөлуде 60-жылдары жаңа көзқарастар қалыптасты. Соған сәйкес, қазіргі ғылыми әдебиеттерде қоғам дәстүрлі, индустиарлды, постиндустриалды болып бөлінеді. Дәстүрлі қоғамның мақсаты – билік, индустриалды қоғамның мақсаты – ақша, постиндустриалды қоғамның мақсаты болса – білім болып табылады. Қоғам мынандай квземттерді атқарады: материалдық игіліктерді өндіру, дүниеге нәресте әкелу және адамды әлеуметтендіру, рухани игіліктерді өндіру және адамдардың белсенділігін зерттеу, еңбек өнімдерін бөлу, мінез-құлық пен қызметті реттеу және басқару.

# Табиғат және қоғам,олардың өзара қарым-қатынасы.

Қоғам ұғымына анықтама бермес бұрын “табиғат”, “қоғам” деген жалпы ұғымдардың мазмұнын, арақатынасын қарастырып алған жөн. Қоғам-табиғаттың құрамдас бір бөлігі дедік. Сонымен бірге табиғатпен тепе-тең нәрсе ретінде қарауға болмайтынын да ескеру керек:бірінші жағдайда “табиғат” ұғымының шегіне жетсек аса кең мағынада алып, адам ой-санасынан тыс және тәуелсіз өмір сүретін объективтік шындықты, бүкіл дүниені білдіру тұрғысында қолданамыз.Бұл тұрғыдан қарағанда, қоғам-табиғаттың бір бөлігі болады. Ал екінші мағынадан алғанда, “табиғат” әлдеқайда тар мағынада қарастырылып, өсімдіктер мен хайуанаттар дүниесін білдіру үшін қолданылады.

Белгілі югословиялық социолог Д.Маркович мынандай анықтаманы ұсынады:адам дегеніміз “өзінің табиғатқа деген жасампаздық қатынасында өзін еркін,әрекетшіл өзін басқа адамдармен бірігіп әрекет етіп,өзінің биологиялық және әлеуметтік болмысын қамтамасыз ететін субъект ретінде көрсететін қоғамдық жануар”



# ҚОҒАМДЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР МЕН ҚАТЫНАСТАР. ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ.

К. Маркс “қоғам-адамдардың өзара қарым –қатынасының нәтижесі” деген анықтама берген.Адамдар арасындағы айтарлықтай тұрақты және жеткілікті дәрежедегі берік қарым-қатынасы бар бірлестік. Күнделікті тұрмыста “қоғам” ұғымы түрліше мағынада қолданылғанымен,бірақ социологияда”қоғам ” деп төмендегідей сипаттамалары бар жиынтықты айтады.



қоғам

Өмір сүретін теорритория бірлігі болуы.

Өзара байланысы тұрақты және біртұтас адамдар жиынтығының болуы.

Өзін-өзі қамтамасыз ету,өзін-өзі басқару,өсіріп отыруы т.б. болуы

# ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРІ МЕН ФАКТОРЛАРЫ

Социология қоғамның әлеуметік құрлысымен тығыз байланысты. Социология теориялардың басым көпшілігі қоғамдық құбылыстардың өзгерісі мен дамуын мойындайды. Қоғам туралы идеалистік теориялардың бәріне ортақ нәрсе сол,олар қоғам дамуының қозғаушы күшін идеялардан, формалардан іздейді.

Оъбективтік –идеолистік социология қоғамның қозғаушы күшін”жоғары” идеядан немесе абсолюттік идеядан іздейді.Енді бір идеалистік теориялар ол күшті қоғамдық сананың айрықша формаларынан, мәселен “халықтың рухани күшінен”,”коллективтік санадан” т.б іздейді.

# ҚОҒАМДЫҚ ПРОГРЕСС ЖӘНЕ РЕГРЕСС

Қоғамдық –экономикалық формация ұғымы қоғам дамуының жеке сатыларындабірқатар нақты қоғамдардың ұқсас белгілерін терең зерттеп. Жалпылаудың нәтижесінде тұжырымдады. Осының негізінде бес қоғамдық –экономикалық фармация атап көрсетіп, олардың тарихи даму өткеннен болашаққа қарай,төменгіден жоғары қара, ескі сападан жаңа сапаға өту арқылы жүреді.Қоғамның дамудың бұл жолы социологияда әлеуметтік прогресс деп аталады. Ал егер керісінше керітартпа реакцияшыл күштер де әрекет етіп,әлеуметтік жаңалықтарға кедергі жасауы мүмкін. Мұндай құбылыстарды әлеуметтік регресс деп атайды.

Әлеуметтік погресс пен регресті бір бірінен айыру үшін оның критерийі қандай және критерий оъбективтік сипатта ма,соны анықтай білу керек.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, “қоғам” ұғымына мынадай жалпы анықтама беруге болады:Қоғам-өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында өзара байланысудың тарихи қалыптасқан формасында біріккен адамдар жиынтығы.

Қоғам бір текті мес, оның ішкі құрлысы және толып жатқан әлумттік құбылыстары мен процестері бар.Оның құрамдас элементтерін құрайтындар мыналар: адамдар, әлеуметтік байланыстар мен қатынастар,әлеуметтік институттар мен ұйымдар т.б. Социологияның міндеті қоғамның осындай құрлысын ашын көрсетіп, оның ғылыми классификациясын жасап беру болып табылады.



| № | Әлеуметтану ұғымдар | Анықтамасы |
|---|---|---|
| 1 | Әлеуметтік ұйым | Қоғамдық жүйені қалыптастыратын белгілі бір жүйедегі тұрақты үлгі |
| 2 | Әлеуметтік мәдениет | Қоғамда өмір сүретін тұлғалардың нормалық үлгісі |
| 3 | Әлеуметтік жүйе | Уақыт пен кеңістіктің арасындағы әлеуметтік қатынастардың нобайы |
| 4 | Қоғам | Шектеулі бір территорияда орналасқан жеке мәдениеті мен институтын иемденетін адамдардың бірлестігі |
| 5 | Әлеуметтік топ | Мүшелердің арасындағы формальды және формальды емес байланыстарымен біріккен адамдардың жиынтығы |
| 6 | Шағын топ | Мақсаты, мүддесі, құндылықтары, өзін-өзі ұстау тәртібі бір, өзара тұрақты байланыс жасайтын аз адамдардың жиынтығы |

# Әлеуметтік құрылымның негізгі элементтері



# НАЗАР АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ